

«Сарыжар ЖОББМ» КММ бойынша 2023-2024 оқу жылындағы «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» және «Даналық мектебінің» іс-шара жоспары бойынша жасалған жұмыстар қорытындысы

Бағыт: Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыр қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі

Мақсаты: Позитивті ата-ана болу мәдениетін арттыру үшін мектептің күш-жігерін ата-аналар қоғамымен біріктіру

Міндеттері:

1. Ата-аналарға бала тәрбиесінің өзекті мәселелері мен сұрақтары бойынша білім беру;
2. Ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі психологиялық-педагогикалық құзыреттілігімен жауапкершілігін арттыру;
3. Отбасылық дәстүрлермен рухани құндылықтарды, отбасы мүшелері арасындағы өзара түсіністікпен сенімді қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігі 2023-2025 жылдар аралығында білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізіп отыр.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» - ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл бағдарламада білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Еңбекқор, адал, саналы, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу – баршамыздың міндетіміз.

Мектебімізде сол себепті педагогтарға, ата -аналарға, сынып жетекшілерге бағдарламаның мақсат міндеттері таныстырылды. Мектебімізде 33 сынып жетекші және мектеп алды даярлық топтарының тәрбиешілері біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарына негізделген тәрбие жоспары бойынша іс-шаралар ұйымдастыруда.

2023 оқу жылының Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша мектебімізде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» өз жұмысына арналған кабинеті жасақталып жұмысын бастады. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру қызметін жүзеге асыру туралы бұйрық шығарылып, іс-шаралар жоспарын құрылды. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаев: “Әлемде балалардың бақыты мен күлкісінен маңызды ештеңе жоқ. Өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау әрқашан біздің мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі” деген болатын. Жас ұрпақтың жарқын болашағы мен саналы тәрбиесі ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастыққа негізделген. Ол бағытта ата-аналарды педагогикалық қолдаудың маңызы зор. Осы орайда ата-аналарды қолдау орталығының ашылуы ортақ істегі қарымды қадамдардың бірі деуге болады. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы өз жұмысын ата-аналармен пікірлесе отырып, алдағы уақытта өзекті мәселелер бойынша түрлі форматта өтетін оқыту сабақтары таныстырылды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары жасақталып бекітіліп, «Даналық мектебі» бойынша Шынберген Ж.Қ. және мектептің тәрбие ісі орынбасары Керимова С.С. жауапты мамандар ретінде бекітіліп, уақытында өз сабақтарын тиімді жүргізіп отырды. Сонымен қатар ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі бағытында «Даналық мектебінің» іс-шара жоспары жасалды. Мақсаты: Позитивті ата-ана болу мәдениетін арттыру үшін мектептің күш-жігерін ата-аналар қоғамымен біріктіру. Мектепте: - «Аталар мектебі»; - «Әжелер мектебі»; - «Аға мектебі»; - «Жеңге мектебі» бағыттарымен «Даналық мектебі» клубтары құрылып, жоспары жасалды, сынып жетекшілерге таныстырылды, даналық мектебі сабақтарын өткізу сынып жетекшілерге жауапталды.

«Сарыжар ЖОББМ» КММ-де «Даналық мектебі» Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылды. «Даналық мектебі» бойынша «Ақылынды мейірімге орап бер»

тақырыбында ата аналармен танымдық сағат ұйымдастырылды. Танымдық сағатта ұлттық құндылықтар туралы, жиналып келген ата-аналарға егжей-тегжей түсіндірілді. Жалпы даналық мектебінің жұмысына «Аналар» және «Әкелер» мектебінің мүшелері белсене қатысып тұрады. Атап айтар болсақ, «Отбасындағы балаларды тәрбиелеудегі әкенің ролі» тақырыбында «Әкелер» форумы өткізілді. «Аналар» мектебінің мүшелерінің қатысуымен «Ана өмір шырағы» волейболдан жарыс өткізілді. «Бой түзеу- әуелі ой түзеу» тақырыбында аналар клубы мүшелері мен «Жібек» қыздар ұйымының кездесуі өткізілді. Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығының ұйымдастырумен «Қысқы ертегі» кардан мүсін жасау байқауы өтті. Осы мүсін жасау байқауына барлық сыныптардың ата аналары қатысты. Отбасы құндылықтарын нығайту, өнерлі отбасыларды үлгі тұту, ата аналармен тұрақты қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Ибалы ана, көрікті қыз» атты сайысы өтті. Мәртөк аудандық Ұлттық мектеп лига бағдарламасы аясында «Асық ату» ұлттық ойындар арасында «Сарыжар ЖОББМ» КММ I орын иеленіп облысқа жолдама алды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебімізде 10 жоба бойынша жұмыс жоспарлары құрылып, іс-шаралар өткізілуде. «9 айға 9 іс-шара» жобасы аясында ай сайын челленджер ұйымдастырылуда. 14 ақпан күні Халықаралық кітап сыйлау күніне байланысты, барлық сыныптар кітапханаға кітаптарын сыйлады. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» повесі кітабымен бір айлық жоспары бойынша іс-шаралар өткізілуде. Қыркүйек айында «Сергіту сәті», қазан айында «Әнұран айту», қараша айында «Асық ату», желтоқсан айында «Шығарма жазу», қаңтар айында «Қазақ есебі», ақпан айында «Оқуға құштап мектеп» челленджері өткізілді. «4 тоқсан- 4 өнер» жобасы аясында қараша айында «Алтын сақа», қаңтар айында «Ұлттық өнер» көрмесі ұйымдастырылды. Қыркүйек айында «Балалар және театр» жобасы аясында оқушылар арасында кастинг өткізді. «Әкелер мектебі» мүшелері және учаскелік инспектормен рейд жүргізілді. «Дебат» Ұшқыр ой алаңының бойынша аудан әкімінің кубогы «Жастар Ел болашағы» атты пікірсайысы біздің мектебімізде ұйымдастырылып, оқушымыз Аралбай Перизат үздік спикер номинациясын және ұстаздарымыз Бисеналина А.Т. мен Тобыш Н.А. жүлделі II орынға ие болды.

Оқу жылы басынан 1-4, 5-9, 10-11 класс оқушыларының ата-аналары қатысуымен «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер», «Құмар ойындар тәуелділіктің қақпаны», «Бұлақ көрсен, көзін аш». Тұлғаның бойындағы шығармашылықты дамыту», «Әр бала- бір жұлдыз», «Сен жанбасаң лапылдап...», «Әрбір бала бір жұлдыз», «Құмарлыққа бой алдыру- зиянды дағды», «Баланы жастан...» тақырыптарында сабақтар өткізілді.

15 мамыр күні «Отбасы күні» және маусым айының үшінші жексенбісі «Әкелер күні» мерекелеріне орай әкелердің қатысуымен «Менің әкем ең жақсы адам!» тақырыбында 7 бөлімнен тұратын іс-шара өтті. Іс-шара 60 жуық әкенің қатысуымен өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C78hLQzsCDE/>

<https://www.instagram.com/reel/C8E15CrMzrt/>

<https://www.instagram.com/reel/C8E1Q2QsFRL/>

<https://www.instagram.com/reel/C8Ewdtfsf40/>

<https://www.instagram.com/p/C8G0gfvMwe8/>

https://www.instagram.com/p/Cz_MAiUsKSB/

<https://www.instagram.com/p/CzdrbzksDcO/>

<https://www.instagram.com/reel/CzgSI0gMVlt/>

<https://www.instagram.com/p/CzdsNY6s6sn/>

<https://www.instagram.com/reel/CzgVDDcM3bW/>